

"Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 9 қыркүйек N 848. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.03.17. N 279 қаулымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымындағы N 1291 Жарлығын орындау үшін, өтпелі кезеңде мемлекеттік реттеуді күшейту және нарықтық құрылымдарды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес "Қазавтоауылшармаш" корпорациясы кәсіпорындарының негізінде "Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан былай - Компания) құрылсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті заңда көзделген тәртіп бойынша Компанияның құрамына енгізілген мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін басқару хұқығын, сондай-ақ бұрын құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иемдену, пайдалану және басқару хұқығын Компанияға табыстайтын болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерлендірілуіне қарай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялардың пакеттерін қоспағанда, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіп бойынша Компанияға берілетін болсын.

2. "Ақ жол" холдинг компаниясы "Қазавтоауылшармаш" корпорациясының хұқылы мұрагері болып табылады деп белгіленсін. Компанияның атқарушы аппараты Алматы қаласында таратылған "Қазавтоауылшармаш" корпорациясының алаңында орналасады.

3. Компания қызметінің негізгі мақсаты автомобиль, трактор және ауыл шаруашылық мәшинесін жасауды дамыту, шетел инвесторларын тарту, өндірісті көп салалы етіп өрістету мен коммерцияландыру деп белгіленіп, оған:

- өзінің құрамына енгізілген кәсіпорындардың қызметін үйлестіру;
- компанияның өзара байланысты өндірістік бағдарламаларын қарау мен

жасау;

- негізгі өнім түрлері бойынша мемлекет мұқтаждарына арналған тапсырысты кәсіпорындарға жеткізу;

- машина жасауды дамыту, техникалық қайта жарақтандыру, айналадағы ортаны қорғау жөнінде аса маңызды ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігімен және "Қазавтоауылшармаш" корпорациясымен бірлесіп Компанияның мүліктік кешенін қалыптастыру жөніндегі жұмысты бір ай мерзім ішінде аяқтау және құрылтай құжаттарын бекіту тапсырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Автомобиль, трактор, ауыл шаруашылық машинасын жасау және сервис қызметін көрсету жөніндегі Қазақ мемлекеттік корпорациясы туралы" 1992 жылғы 23 қаңтардағы N 72 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 3, 51-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 9 қыркүйекті

N 848 қаулысына

қосымша

"Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясының

құрамына кіретін кәсіпорындардың

Т І З Б Е С І

"Поршень" зауыты, Алматы қаласы

Трактордың босалқы бөлшектері зауыты, Жамбыл қаласы "Қызылордакүрішмаш" тәжірибе-эксперимент зауыты, Қызылорда қаласы "Литмаш" акционерлік қоғамы, Ақмола қаласы Тоғұзақ механика зауыты, Комсомол поселкесі, Қостанай облысы "Ақтөбеауылмаш" зауыты, Ақтөбе қаласы "Павлодартрактор" концерні, Павлодар қаласы Шағын литражды қозғалтқыштар зауыты, Петропавл қаласы Мамлют мәшине жасау зауыты, Солтүстік Қазақстан облысы Булаев

тәжірибе-механика зауыты, Солтүстік Қазақстан облысы "Целиноградауылмаш"
өндіріс бірлестігі, Ақмола қаласы "Қазақауылмаш" өндіріс бірлестігі, Ақмола
қаласы

"Мәшине жасау зауыты" жалгерлік кәсіпорны, Павлодар қаласы

"Мәшине жасау зауыты", Ақмола қаласы

"Манкентауылмаш" өндіріс бірлестігі, Ақсу селосы, Оңтүстік
Қазақстан облысы

"Гипрониихиммаш" институты, Алматы қаласы

Дарбаза қалыптау материалдар карьері

"Қазавтошынысервис" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Қазавтошыны" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Қазавтоауылмашбанк" банкі, Алматы қаласы

Аягөз қой терісі-тон зауыты, Аягөз қаласы, Семей облысы

Павлодар тігін фабрикасы, Павлодар қаласы